

СЫН-ПІКІР

Риппиладға жоба
(жұмыс түрінің атауы)

Сейіткерім Олмас Терекжанұлы
(білім алушының аты-жөні)

55075200 - Инженерлік пәйізер же жешиер
(мамандық атауы және пифр)

Тақырыбы: Алматы облыс Рәйіпбек аудан
газбен қашту пәйісіп жобалау

Орындалды:

а) сызба материалдары 5 бет

б) түсініктемелік жазба 32 бет

ЖҰМЫС ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Риппиладға жоба тапсырмаларға сай орындалған.
Алматы облыс жондақ же сәтәтпәт газ шолындары
технология ескертпелер. Солмен қатар Ақшии же
орташа қаттамалар газ жешиеріде гидравликалық
жестігулер орындалған.

Риппиладға жобата кемсідей ескертпелер жөсеанда
- гидравликалық қаттамалар байқалған
- газ реттеу орындарының есейінде сәтәтпәт қаттамалар
бар. Құрылыс жөніндегі жешиерлерінің техникалық
жө же қажетсіздік ескертпелер қорғау әдістері жөдел
ған.

Жұмысты бағалау

Жобаны орындау кезінде білім алушы Сейіткерім
ЖЕН қандаған. Риппиладға жоба мағәл 90% бағаналана
ған, солмен қатар Сейіткерім О. 55075200 Инженерлік
пәйізер же жешиер" мамандығы Ақшии техника
же технология бағаналар әдістерін алуға лайық
та.

Сын-пікір беруші

Инженер Ақшии "Бімес"

(қолы) Асанқұс А.Б.
(ағы-жөні)

«14» 2022 ж.



ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дипломдық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Сейіткерім Олжас Пернеханұлы

(білім алушының аты-жөні)

5B075200-Инженерлік жүйелер және желілер

(мамандық атауы және шифр)

Тақырып: _

Алматы облысы Райымбек ауылын газбен қамту жүйесін жобалау


Дипломдық жоба бекітілген бұйрыққа сәйкес және тапсырма бойынша орындалған. Алматы облысы Райымбек ауылын газбен қамту таңдалды. Жоба барысында келесі есептеулер реті орындалды: газдың жылдық, сағаттық, максималды шығындары анықталып, гидравликалық есебі шығарылды. Сонымен қатар, алдын ала жылу оқшауланған ППУ ПЭ болат құбырлар таңдалған. Бастапқы жобаға қарағанда есептелінген жобада орфографиялық қателіктер байқалған.

Жоба барысында студент Сейіткерім Олжас газбен қамту бойынша алған теориялық білімін қолданып, мәселелердің шешімін таба алатынын көрсетті. Және дипломдық жобаны толық орындағанын, сонымен қоса компьютерлік программаларды (Excel, Word, Autocad) жақсы меңгергендігін көрсете алды.

Студент Сейіткерім Олжас барлық тапсырмаларды сәтті орындады. Газбен қамту бойынша өз бетінше ізденіп, теориялық материалдармен жұмыс жасай алу дағдыларын жоғары деңгейде көрсетті. Дипломдық жоба “ жақсы” (80 б) бағаға лайық.

Ғылыми жетекші

PhD аға оқытушы



Абдикерова У.Б.

(колы)

« 12 »

05

2022 ж.

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Сейіткерім О.П.

Тақырыбы: Алматы облысы Райымбек ауылын газбен жабдықтау жүйесін жобалау.docx

Жетекшісі: Амирхан Хойшиев

1-ұқсастық коэффициенті (30): 9

2-ұқсастық коэффициенті (5): 0

Дәйексөз (35): 0.2

Әріптерді ауыстыру: 114

Аралықтар: 0

Шағын кеңістіктер: 0

Ақ белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні 29.04.2022

Кафедра меңгерушісі

Амиров Р
Амиров

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Сейіткерім О.П.

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Алматы облысы Райымбек ауылын газбен жабдықтау жүйесін жобалау.docx

Научный руководитель: Амирхан Хойшиев

Коэффициент Подобия 1: 9

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 0

Знаки из здругих алфавитов: 114

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

Обоснование:

Дата 28.04.2022г.

Заведующий кафедрой
Амирхан Хойшиев

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Сейіткерім О.П.

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Алматы облысы Райымбек ауылын газбен жабдықтау жүйесін жобалау.docx

Научный руководитель: Амирхан Хойшиев

Коэффициент Подобия 1: 9

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 0

Знаки из здругих алфавитов: 114

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- Обоснование:

Дата 29.04.2022.

 проверяющий эксперт

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Сейіткерім Олжас Пернеханұлы

«Алматы облысы Райымбек ауылын газбен қамту жүйесін жобалау»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B075200 – Инженерлік жүйелер және желілер

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ИЖиЖ кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд., қауым.проф.
Алимова К.К.
« 12 » 05 2022ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “ Алматы облысы Райымбек ауылын газбен қамту жүйесін
жобалау ”

Мамандығы 5В075200 – Инженерлік жүйелер және желілер

Орындаған

Сейіткерім

Сейіткерім О.П.

Пікір беруші

Алимова К.К.
Алимова К.К.
« 14 » 05 2022ж.



Жетекші

PhD, аға оқытушы

Абдикерова У.Б.
« 12 » 05 2022ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – Инженерлік жүйелер және желілер

БЕКІТЕМІН

ИЖиЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.

 Алимова К.К.

« 24 » 01 2022ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Сейіткерім Олжас Пернеханұлы

Тақырыбы: Алматы облысы Райымбек ауылын газбен қамту жүйесін жобалау
Университет басшылығының 2021 жылғы "24" желтоқсан № 489-П/Ө
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2022 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Алматы облысы Райымбек
ауылының бас жоспары, халық тығыздығы $m=9ад/га$. Газдың жану
жылулылығы: 35600 кДж/м^3 . Ауылдың газбен қамтылу коэффициенті 100% .
Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықталған үймереттер
коэффициенті 55% . Денсаулық сақтау мекемелерінде ас дайындау 75% ,
ыстық су 35% . Өнеркәсіп мекемелеріндегі жылу мөлшері $150 \cdot 10^9 \text{ кДж/жыл}$.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Негізгі бөлім;

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы;

в) Экономика бөлімі.

Сызба материалдар тізімі




1) Райымбек ауылының бас жобасы; 2) Төменгі қысымды газ құбырларының
есептік сұлбасы; 3) Орташа қысымды газ құбырларының есептік сұлбасы;
4) Газ реттеу орнының жобасы; 5) Технологиялық карта.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан


Дипломдық жобаны дайындау
Кестесі

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	03.02.2022-20.03.2022	орындалма
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	23.03.2022-07.04.2022	орындалма
Экономика бөлімі	03.04.2022-10.04.2022	орындалма.

Дипломдық жұмыс жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	И.З. Кашкинбаев техн.ғыл.д-ры, профессор	15.04.22	
Экономика бөлімі	У.Б. Абдикерова PhD, аға оқытушы	20.04.22	
Норма бақылау	А.Н.Хойшиев техн.ғыл.канд., қауым. проф.	11.05.2022	

Жетекші  Абдикерова У.Б.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Сейіткерім О.П.

Күні «24» 01 2022 ж.

АНДАТПА

Берілген дипломдық жобаның негізгі мақсаты Алматы облысы Райымбек ауылының газбен қамту жүйесін жобалау болып табылады. Дипломдық жобаның есептеулері Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес орындалған. Жоба бойынша тұрғын үйлер, тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету, денсаулық сақтау және өнеркәсіп мекемелері үшін газдың жылдық шығыны анықталып, төменгі және орташа қысымдағы газ желілерін гидравликалық есептеу жүргізілді. Сонымен қатар, құрылыс жинақтау жұмыстарының сипаттамасы, технико-экономикалық есептемелері, жұмысшылардың күнтізбелік жоспары орындалған.

Дипломдық жобаның нәтижелері бойынша заманауи сапа талаптарына сай келетін және гидравликалық режимді бұзбайтын газбен жабдықтаудың қолайлы сұлбасы әзірленді.

АННОТАЦИЯ

Основной целью данного дипломного проекта является проектирование системы газоснабжения села Райымбек Алматинской области. Расчеты дипломного проекта выполняются в соответствии со строительными нормами, и правилами Республики Казахстан. По проекту определен годовой расход газа на нужды жилых домов, предприятий бытовых услуг, общественного питания, здравоохранения, и промышленных зданий. Были выполнены гидравлические расчеты газопроводов низкого и среднего давления и описание строительно-монтажных работ, технико-экономические расчеты, штатное расписание рабочих.

По результатам дипломного проекта разработана удобная схема газоснабжения, отвечающая современным требованиям качества и не нарушающая гидравлический режим.

ABSTRACT

The main goal of this graduation project is the design of a gas supply system for the village of Raiymbek, Almaty region. Graduation project calculations are carried out in accordance with building codes and rules of the Republic of Kazakhstan. The project determines the annual gas consumption for the needs of residential buildings, consumer services, public catering, healthcare, and industrial buildings. Also, hydraulic calculations of low and medium pressure gas pipelines and a description of construction and installation works, technical and economic calculations, and staffing of workers were performed.

On the results of the project, a convenient gas supply scheme was developed that meets modern quality requirements and does not violate the hydraulic regime.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Райымбек ауылының газбен қамту сипаттамасы	8
1.2 Газ жұмсалудың жылдық шығындарын анықтау	8
1.3 Газдың сағаттық максималды шығынын анықтау	14
1.4 Газ тасымалдау желілерінің гидравликалық есебін анықтау	15
1.5 Газ реттеу орны мен газ құбырының қондырғыларын таңдау	19
2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	22
2.1 Орташа қысымды газ құбырларын қондыру жұмыстары	22
2.2 Құрылыс – жинақтау жұмыстарының дайындық жұмыстары	22
2.3 Жер жұмыстары	23
2.4 Монтаждық жұмыстар	24
2.5 Құрылыстың күнтізбелік жоспары	26
2.6 Жұмысшылардың қозғалыс графигі	27
2.7 Қауіпсіздік шаралары және еңбекті қорғау	27
3 Экономика бөлімі	29
3.1 Жобаның экономикалық құны	29
3.2 Келтірілген шығын есебі және оптимальды нұсқаны таңдау	30
ҚОРЫТЫНДЫ	32
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	33
ҚОСЫМШАЛАР	

КІРІСПЕ

Газ тәрізді отынның өндірілуі қазіргі уақытта күнделікті шаруашылықта қажет. Жылу көздерінің пайдалы әсер коэффициентін арттыру, отынды үнемдеу, пештердің тиімділігін жоғарылату сияқты жұмыстар газ отынын тиімді пайдалана отырып, қаржыны үнемдеуге әсер тигізетінің дәлелі болып табылады.

Қазіргі уақытта тұтынушыларды газбен жабдықтау үшін табиғи газдар қолданылады. Бұл газдар жер қабатынан өндіріледі. Газ тарату жүйелері орташа, төменгі және жоғарғы қысымды газ тораптар, газ тарату станциялары мен газ реттеу орындары мен құрылғылары сияқты негізгі элементтерден тұрады.

Менің дипломдық жобамда Алматы облысындағы Райымбек ауылын газбен қамту мәселесі қарастырылған. Жобаның орындалуындағы басты мақсат – тұрғын және қоғамдық ғимараттарды газбен қамту жүйелерінің жұмыстарының тиімді орындалуын және тұрғындарға қажетті комфортты қамтамасыз ету болып табылады.

Газ құбырлары жер астымен жүргізіліп, екі сатылы газ жүйелері қолданылды. Тұтынушыларға қажетті газ шығыны жылдық көрсеткіштерге байланысты анықталды. Ең алдымен газ орташа қысымды желіден төменгі қысымды желіге беріледі. Газ реттеу орнынан кейінгі газ қысымы 3 кПа. Орташа қысымдағы газ желілерінің ұзындығы 9244 метрді құрайды, ауылдағы газдың жалпы жылдық шығыны $9,71 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл}$ құрады.

Дипломдық жобада тұрғын және қоғамдық ғимараттарды газбен қамтамасыз ету, ондағы құбырлардың құрылымы, газ аспаптарын орналастыру және оларға қойылатын талаптар қатаң сақталып, газды пайдалану кезінде қауіпсіз болуын және тұтынуын ыңғайлы болуын қамтамасыз ету шаралары қарастырылады.

1 Негізгі бөлім

1.1 Райымбек ауылының газбен қамту сипаттамасы

Райымбек ауылы Алматы облысы Қарасай ауданындағы Райымбек ауылдық округінің әкімшілік орталығы болып табылады. Қаскелең қаласының орталығынан шығысқа қарай 9 км жерде орналасқан. Ауыл ауданы 456,6 га құрайды, ал халық саны 4200 адам, халықтың орташа тығыздығы 9 адам/га. Жобалауға арналған Райымбек ауылының ең суық бес күндік аптаның ауа температурасы $t = \text{минус } 20,1^{\circ}\text{C}$, жылытылатын маусымы кезіндегі сыртқы ауаның орташа температурасы $t_{\text{от}} = 0,4^{\circ}\text{C}$, жылыту кезеңінің ұзақтығы = 164 тәулік.

Дипломдық жобада Райымбек ауылын табиға газбен жабдықтау қарастырылған. Газдың жану жылулығы $Q^k = 35600 \text{ кДж/м}^3$. Ауыл газбен толық қамтылады, $Y = 100$ пайыз. Монша, кір жуу орындары, қоғамдық тамақтану мекемелері, наубайханалар 40 пайызға газбен қамтылған. Денсаулық сақтау мекемелерінде ас дайындау 75 пайызға, ыстық су дайындау 35 пайызға газбен қамтылған. Пәтерлердің 55 пайызы орталықтандырылған ыстық сумен жабдықталған, ал газ қолданбалы су қыздырғыштары жоқ пәтерлер 10 пайызды қамтиды. Өнеркәсіп мекемелеріндегі жылдық жылу мөлшері $150 \cdot 10^9 \text{ кДж/жыл}$.

Тұтынушылардың есептеуге қажетті жылу мөлшерін ҚР ҚН 4.03-01-2011 бойынша қабылдаймыз. Орташа қысымды газ құбырлары сақиналы тұйықталған тармақтары бар тұтынушыларға бағытталып жобаланады. Төменгі қысымды газ құбырлары сақиналы және тұйықталған бөлімдерден газ реттеу орындары (ГРО) арқылы жобаланған.

1.2 Қаладағы газдың жылдық шығынын анықтау

1 Қаладағы халық санын анықтау

$$N = F_{\text{кала}} \cdot m, \text{ адам}, \quad (1.1)$$

мұндағы $F_{\text{кала}}$ - жалпы ауданы, га;

m – халық тығыздығы, адам/га.

$$N = 465,6 \cdot 9 = 4200 \text{ адам}.$$

2 Тұрғын үйлердегі газдың жылдық шығыны

$$Q_{\text{г.у}} = \frac{Y_n \cdot N \cdot (q_{n.1} \cdot X_1 + q_{n.2} \cdot X_2 + q_{n.3} \cdot X_3)}{Q^k}, \text{ м}^3/\text{жыл} \quad (1.2)$$

мұндағы Y_n – қаладағы тұтынушыларды газбен қамту;
 N – қаладағы адамдар саны, адам;
 X_1 – орталықтандырылған ыстық сумен жабдықталған пәтерлер;
 X_3 – газ қолданбалы су қыздырғыштармен жабдықталған пәтерлер;

X_2 – ыстық сумен жабдықталмаған пәтерлер;

Q_T^k – газдың жану жылулығы, кДж/м³;

$Q_{n,1}, q_{n,2}$ – мекемелерде жұмсалатын жылу мөлшері, МДж;

$$Q_{y,m,y} = \frac{1 \cdot 4200 \cdot (2800 \cdot 0,55 + 4600 \cdot 0,1 + 8000 \cdot 0,35)}{35600 \cdot 10^{-3}} = 0,57 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}.$$

3 Тұрмыстық қызмет көрсету мекемелеріндегі газдың жылдық шығыны

- кір жуу орындары

$$Q_{y,кжo} = \frac{100 \cdot Z_{кжo} \cdot Y_{кжo} \cdot N \cdot q_{кжo}}{1000 \cdot Q_T^k}, \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}; \quad (1.3)$$

- моншалар

$$Q_{y,кжo} = \frac{Z_m \cdot Y_m \cdot N \cdot 52 \cdot q_m}{Q_T^k}, \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}, \quad (1.4)$$

мұндағы $Y_{кжo}, Y_m$ - қаладағы тұтынушыларды газбен қамту;

$q_{кжo}, q_m$ - мекемелерде жұмсалатын жылу мөлшері, МДж;

Z_m - тұтынушылар үлесі;

100-мың кісіден қабылданатын кір бұйымдары, т;

52 - бір адамның жылдық моншаға бару саны.

$$Q_{y,кжo} = \frac{100 \cdot 0,1 \cdot 0,4 \cdot 4200 \cdot 18800}{35600 \cdot 10^{-3} \cdot 1000} = 0,009 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ};$$

$$Q_{y,m} = \frac{0,1 \cdot 0,4 \cdot 4200 \cdot 52 \cdot 40}{35600 \cdot 10^{-3}} = 0,01 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}.$$

Барлығы:

$$Q_{y,m,k,k} = Q_{y,m} + Q_{y,k,жo} = (0,009 + 0,01) \cdot 10^6 = 0,019 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}.$$

4 Қоғамдық тамақтану мекемелеріндегі газдың жылдық шығыны:

$$Q_{Y,к.т.м} = \frac{360 \cdot Z_{к.т.м} \cdot Y_{к.т.м} \cdot N \cdot q_{к.т.м}}{Q_T^к}, \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}, \quad (1.5)$$

мұндағы $Y_{к.т.м}$ – қаладағы тұтынушыларды газбен қамту;
 $q_{к.т.м}$ – мекемелерде жұмсалатын жылу мөлшері;
 $Z_{к.т.м}$ – тұтыну-шылар үлесі.

$$Q_{Y,к.т.м} = \frac{360 \cdot 0,3 \cdot 0,4 \cdot 4200 \cdot (4,2 + 2,1)}{35600 \cdot 10^{-3}} = 0,032 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}.$$

5 Денсаулық сақтау мекемелеріндегі газдың жылдық шығыны

$$Q_{Y,д.с.м} = \frac{12 \cdot (Y_{д.с.м}^{ac} \cdot q_{д.с.м}^{ac} + Y_{д.с.м}^{bc} \cdot q_{д.с.м}^{bc}) \cdot N}{1000 \cdot Q_T^к}, \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}, \quad (1.6)$$

$$Q_{Y,д.с.м} = \frac{12 \cdot (0,75 \cdot 3200 + 0,3 \cdot 9200) \cdot 4200}{1000 \cdot 35600 \cdot 10^{-3}} = 0,007 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}.$$

6 Наубайханалардағы газдардың жылдық шығыны

$$Q_{Y,н.} = \frac{0,7_T \cdot \frac{365}{1000} \cdot Y_n \cdot N \cdot q_n}{Q_T^к}, \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}, \quad (1.7)$$

$$Q_{Y,н.} = \frac{0,7 \cdot \frac{365}{1000} \cdot 0,4 \cdot 4200 \cdot 5450}{35600 \cdot 10^{-3}} = 0,065 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}.$$

7 Өнім өндімейтін қызмет көрсету мекемелеріндегі газдың жылдық шығыны

$$Q_{Y,о.о.м} = 0,05 \cdot Q_{Y,т.у.} = 0,05 \cdot 0,57 \cdot 10^6 = 0,029 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}. \quad (1.8)$$

8 Өнеркәсіп мекемелеріндегі газдың жылдық шығыны

$$Q_{Y,о.м} = \frac{Q_{жк}}{Q_m^к} \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}, \quad (1.9)$$

$$Q_{Y,о.м} = \frac{150 \cdot 10^9}{35600} = 4 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}.$$

9 Жылыту, желдету және орталықтандырылған ыстық су дайындауға жұмсалатын газдың жылдық шығыны

9.1 Қаладағы тұрғын үйлердің жалпы ауданын анықтау

$$A=f \cdot 1,5 \cdot N, \quad (1.10)$$

мұндағы f - бір кісіге арналған тұрғын ауданының орташа мөлшері;
 $1,5$ - жалпы ауданның тұрғын ауданға қатынасын көрсететін коэффициент.

$$A=12 \cdot 1,5 \cdot 4200=75600 \text{ м}^2$$

9.2 Қоғамдық ғимараттарға, тұрғын үйлерге жылыту, желдетуге арналған жылудың максималды сағаттық ағымы
- жылытуға

$$Q'_{\text{оmax}} = q_0 \cdot A \cdot (1 + K_1), \text{ Вт}, \quad (1.11)$$

мұндағы K_1 - қоғамдық ғимараттарды жылытуға жұмсалатын жылу ағымын көрсететін коэффициент, $K_1=0,25$;

A - тұрғын үйлердің жалпы ауданы;

q_0 - тұрғын үйлердің 1 м^2 жалпы ауданын жылытуға арналған жылу ағымының үлкейтіліп алынған көрсеткіші.

$$Q'_{\text{оmax}} = 166 \cdot 75600 \cdot (1 + 0,25) = 15,6 \text{ МВт};$$

- желдетуге

$$Q'_{\text{vmax}} = K_1 \cdot K_2 \cdot q_0 \cdot A, \text{ Вт}, \quad (1.12)$$

мұндағы K_2 - қоғамдық ғимараттарды желдетуге жұмсалатын жылу ағымын көрсететін коэффициент 1985 жылдан кейінгі салынған ғимараттар үшін $K_2=0,6$.

$$Q'_{\text{vmax}} = 0,25 \cdot 0,6 \cdot 166 \cdot 75600 = 1,88 \text{ МВт}.$$

9.3 Жылыту, желдету және ыстық су дайындауға қажетті жылудың орташа мөлшері
- жылытуға

$$Q_o = Q'_{\text{оmax}} \cdot \frac{t_i - t_{\text{жыл}}}{t_i - t'_o}, \quad (1.13)$$

мұндағы Q_{omax}' – тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жылытуға жұмсалатын жылудың максималды ағымы;

t_i – жылытылатын бөлменің ауаның орташа температурасы, тұрғын және қоғамдық ғимараттар, үйлер үшін 18°C ;

$t_{жыл}$ – сыртқы ауаның тәуліктегі $0,9^{\circ}\text{C}$ және одан төмен мерзімдегі орташа температурасы;

t_o – жылыту жобалауына арналған сыртқы ауаның температурасы.

$$Q_{om} = 13,9 \cdot \frac{18 - 0,4}{18 + 20,1} = 6,42 \text{ МВт};$$

-желдетуге

$$Q_{vm} = Q'_{vmax} \cdot \frac{t_i - t_{жыл}}{t_i - t'_o}, \quad (1.14)$$

мұндағы Q'_{vmax} – тұрғын және қоғамдық ғимараттарды желдетуге жұмсалатын жылудың максималды ағымы, Вт.

$$Q_{vm} = 1,67 \cdot \frac{18 - 0,4}{18 + 20,1} = 0,77 \text{ МВт};$$

- жылыту мерзіміндегі ыстық сумен қамтамасыз ету

$$Q'_{hm} = q_h \cdot N, \quad (1.15)$$

мұндағы q_h – ыстық сумен жабдықтау кезіндегі жылудың орташа ағымының 1 кісіге арналған үлкейтілген көрсеткіші.

$$Q'_{hm} = 376 \cdot 4200 \cdot 0,55 = 0,86 \text{ МВт};$$

- жылыту мерзімі аяқталған кезде ыстық сумен қамтамасыз ету

$$Q_{hm}^s = Q'_{hm} \cdot \frac{55 - t_c^s}{55 - t_c} \cdot \beta, \quad (1.16)$$

мұндағы t_c – жылыту мерзіміндегі суық судың температурасы, $t_c = 5^{\circ}\text{C}$;

t_c^s – жылыту тоқтатылған мерзіміндегі суық судың температурасы $t_c^s = 15^{\circ}\text{C}$.

$$Q_{hm}^s = 0,86 \cdot \frac{55 - 15}{55 - 5} \cdot 0,8 = 0,55 \text{ МВт}.$$

Газдың жылдық мөлшері:
- жылытуға

$$Q_{y,o} = \frac{Q_o \cdot n_o \cdot 1,1}{Q_{\Gamma}^k \cdot \eta}, \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}, \quad (1.17)$$

мұндағы n_o – жылыту мерзімінің ұзақтығы;
 η – жылу көзінің пайдалы әсер коэффициенті;
 $Q_{\text{жыл}}$ – жылыту кезінде орташа жылу мөлшері.

$$Q_{y,o} = \frac{6,42 \cdot 164 \cdot 1,1 \cdot 24 \cdot 4200}{35600 \cdot 10^{-3} \cdot 0,83} = 3,95 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}.$$

- желдетуге

$$Q_{y,v} = \frac{0,77 \cdot 164 \cdot 16 \cdot 1,1 \cdot 4200}{35600 \cdot 0,83 \cdot 10^{-3}} = 0,31 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}.$$

- ыстық су дайындауға

$$Q_{y,h} = \frac{[0,49 \cdot 164 \cdot 1,1 + 0,49 \cdot (350 - 164)] \cdot 24 \cdot 4200}{35600 \cdot 0,83 \cdot 10^{-3}} = 0,61 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}.$$

Жылу өндіргіш қондырғыларында жылыту, желдету және ыстық су дайындауға жалпы газдың шығыны

$$Q_{y,ovh} = (3,95 + 0,31 + 0,61) \cdot 10^6 = 4,87 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}.$$

10 Ұсақ жылыту қондырғыларындағы газдың жылдық шығыны:

$$Q_{y,y.j.k} = X_2 \cdot (Q_{y,o} + Q_{y,v}) \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}, \quad (1.18)$$

$$Q_{y,y.j.k} = 0,1 \cdot (3,95 + 0,31) \cdot 10^6 \cdot 1/1,1 = 0,38 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}.$$

11 Төменгі газ желілерін тұтынатын тұтынушылардың жылдық газ шығыны

$$Q_{y,m.k} = Q_{y,m.y} + Q_{y,d.c.m} + Q_{y,o.o.m} + Q_{y,y.j.k} \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}, \quad (1.19)$$

$$Q_{y,m.k} = (0,57 + 0,007 + 0,029 + 0,38) \cdot 10^6 = 0,986 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}.$$

12 Орташа қысымды газ желілерін тұтынатын тұтынушылардың жылдық газ шығыны

$$Q_{Y,o.k} = Q_{Y,m.k.k.m} + Q_{Y,k.m.m} + Q_{Y,H} + Q_{Y,o.m}, \text{ м}^3/\text{жыл}, \quad (1.20)$$

$$Q_{Y,o.k} = (0,019 + 0,032 + 0,065 + 4,2) \cdot 10^6 = 4,316 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл}.$$

13 Қоғамдық ғимараттарды және тұрғын үйлерді жылыту, ыстық сумен жабдықтауға және желдетуге жылдық шығынның қоса есептегенде ауылдағы газдың жалпы шығыны

$$Q_Y = Q_{Y,T.K} + Q_{Y,ж.к} + (Q_{Y,ж} + Q_{Y,у}) \cdot (1 - X_2) + Q_{Y,H}, \text{ м}^3/\text{жыл}, \quad (1.21)$$

$$Q_Y = [0,95 + 4,316 + (3,95 + 0,31) \cdot (1 - 0,1) + 0,61] \cdot 10^6 = 9,71 \cdot 10^6 \text{ м}^3/\text{жыл}.$$

1.3 Газдың сағаттық максималды шығынын анықтау

Газдың жылдық шығыны анықталған жағдайда сағаттық максималдық шығыны есептелінеді. Газбен жабдықтау жүйесінде газ желілерін жобалау кезінде тұтынушыларды газ қысымдарына байланысты топ-топқа бөліп, олардың әрбіріне арналған газдың сағаттық максималдық шығынын анықтаған қолайлы болып келеді.

Шағын қалалар үшін тұтынушылар келесідей бөлінеді:

- орташа қысымды газ тұтынушылары;
- төменгі қысымды газ тұтынушылары.

Төменгі қысымды газды тұтынушыларға мыналар жатады;

- тұрғын үйлер;
- денсаулық сақтау мекемелері;
- өнім өндімейтін тұрмыстық қызмет көрсету мекемелері;
- ұсақ жылыту қондырғылары.

$$Q_{o.k}^h = K_{\max}^h \cdot Q_Y, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.22)$$

мұндағы K_{\max}^h – сағаттық максимум коэффициенті, газдың жылдық шығынынан сағаттық шығынына өту коэффициенті, кесте бойынша қабылданады;

Q_Y – тұтынушылардың жылдық газ шығыны, $\text{м}^3/\text{жыл}$.

1 Төменгі газ желілеріндегі тұтынушылардың максималды газ шығынын анықтау

$$Q_{dT.k}^h = \frac{1}{2080} \cdot 0,986 \cdot 10^6 = 474 \text{ м}^3/\text{сағ}$$

мұндағы $\frac{1}{2080}$ – максималды сағаттық коэффициенті, қаладағы адамның санына байланысты қабылданады.

2 Орташа қысымдағы газ желілеріндегі тұтынушылардың максималды газ шығынын анықтау:

2.1 Монша

$$Q_d^h = \frac{1}{2700} \cdot 0,01 \cdot 10^6 = 3,7 \text{ м}^3/\text{сағ};$$

2.2 Тұрмыстық қызмет көрсету мекемелері

$$Q_d^h = \frac{1}{2900} \cdot 0,009 \cdot 10^6 = 3,1 \text{ м}^3/\text{сағ};$$

2.3 Қоғамдық тамақтану мекемелері

$$Q_d^h = \frac{1}{2000} \cdot 0,032 \cdot 10^6 = 16 \text{ м}^3/\text{сағ};$$

2.4 Наубайхана

$$Q_d^h = \frac{1}{6000} \cdot 0,065 \cdot 10^6 = 10,83 \text{ м}^3/\text{сағ};$$

2.5 Өндірістік кәсіпорын

$$Q_d^h = \frac{1}{5400} \cdot 4 \cdot 10^6 = 740,74 \text{ м}^3/\text{сағ};$$

2.6 Мектеп қазандығы

$$Q_{da.k}^h = \frac{[(1-x_3) \cdot (Q_{omax} + Q_{vmax}) + Q_{hm}] \cdot 1,1 \cdot 3600}{Q_T^k \cdot \eta}, \quad (1.23)$$

$$Q_d^h = \frac{[(1-0,1) \cdot (15,6 + 1,88) + 0,86] \cdot 1,1 \cdot 500}{35600 \cdot 10^{-3} \cdot 0,83} = 308,83 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

Орташа қысымдағы тұтынушылардың жалпы газды пайдалануын анықтау:

$$Q_{do.}^h = Q_{d,m.k.k.m}^h + Q_{d,k.m.m}^h + Q_{d,n}^h + Q_{d,o.m}^h + Q_{d,m.k}^h, \text{ м}^3/\text{ЖЫЛ}, \quad (1.24)$$

$$Q_{do.}^h = (474 + 3,7 + 3,1 + 16 + 10,83 + 740,74 + 308,83) = 1557,2 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

1.4 Газ желілерінің гидравликалық есебі

Газ желілерінің гидравликалық есептеулерінің негізгі міндеті газ құбырларының диаметрлерін анықтау болып табылады. Гидравликалық есебінің жасалуына байланысты тұйық және айнала жабық болып бөлінеді. Газ тұйық жүйелерде тұтынушыларға бір ғана жолмен жеткізілсе, айнала жабық жүйелерде екі немесе одан да көп жолмен жеткізілуі мүмкін. Газдың жол-жөнекей шығыны тұйық бөліктерде белгілі бір жолмен анықталатын болса, айнала жабық бөліктерде көптеген тәсілдермен анықтауға мүмкіндік бар.

Төменгі қысымдағы газ желілерін гидравликалық есептеу

Айнала жабық желілерді гидравликалық есептеу

- 1) Желілер нобайы жүргізіледі;
- 2) Бір кісіге шаққандағы газ шығыны анықталады;
- 3) Әрбір газ тұтынушы аймақтарындағы қажетті шығын анықталады;
- 4) Ұзындыққа шаққандағы газдардың шығыны анықталады
- 5) Газдың есепті шығыны анықталады;
- 6) Номограмма көмегімен газдың есептеу шығыны мен ұзындыққа шыққандағы қысым жұмсалуды арқылы диаметрді қабылданады;
- 7) Диаметр бойынша жұмсалған қысым анықталады;
- 8) Айнала жабық желілер үйлестіріледі.

Бір кісіге шаққандағы газ шығынын анықтау:

$$e = \frac{Q_{д.т.к.}^h}{N}, \text{ м}^3/\text{сағ.}/\text{адам}, \quad (1.25)$$

мұндағы $Q_{д.т.к.}^h$ - төменгі газ желілеріндегі тұтынушылардың максималды газ шығыны, $\text{м}^3/\text{сағ.}$

$$e = \frac{474}{4200} = 0,113 \text{ м}^3/\text{сағ. адам.}$$

Барлық бөліктердегі ұзындыққа шаққандағы газ шығыны нәтижелері А.1- кестеде, ал желі бөліктеріндегі газдың жолдағы мен жол-жөнекей шығындарын есептеу нәтижелері А.2-кестеде берілген.

Бөліктердегі газ шығындары анықталған соң олардың дұрыстығын тексереміз.

Анықталған шығындардың дұрыстығын тексеру

$$27-9 \text{ бөлігі: } Q_{грп-27} = (Q_{ж} + Q_{жж})_{уч.27-9} = (13,17+238,41) = 251,58 \text{ м}^3/\text{сағ};$$

$$27-26 \text{ бөлігі: } Q_{грп-27} = (Q_{ж} + Q_{жж})_{уч.27-26} = (17,79+199,01) = 216,8 \text{ м}^3/\text{сағ.}$$

$$\text{Барлығы: } 251,58+216,8 = 468,38 \text{ м}^3/\text{сағ.}$$

Бұл көрсеткіштің осыған дейін анықталған А.1-кестедегі есептеу шығынынан айырмашылығы сәл ғана.

Әр бөліктердегі газдың есептеу шығыны белгілі болған соң құбырлардың диаметрін анықтау керек.

Жергілікті кедергілерді қосып есептегендегі газ қысымының жұмсалуды мынаған тең:

$$\Delta P_{\text{ж}} = \frac{\Delta P_c}{1,1} = \frac{1000}{1,1} = 910 \text{ Па.}$$

Газ көзінен тарайтын әрбір бағыттағы желілердегі ұзындыққа шаққандағы қысым жұмсалуды анықтаймыз:

$$1) \text{ 27-9-7-4-6 бағыты } l = 2010 \text{ м; } \frac{\Delta P}{l} = \frac{910}{2010} = 0.45 \text{ Па.}$$

$$2) \text{ 27-26-24-23-6 бағыты } l = 2235 \text{ м; } \frac{\Delta P}{l} = \frac{910}{2235} = 0.40 \text{ Па.}$$

$$3) \text{ 27-9-11-13-15-17 бағыты } l = 2180 \text{ м; } \frac{\Delta P}{l} = \frac{910}{2180} = 0.42 \text{ Па.}$$

$$4) \text{ 27-26-29-31-33-17 бағыты } l = 2250 \text{ м; } \frac{\Delta P}{l} = \frac{910}{2250} = 0.40 \text{ Па.}$$

$$5) \text{ 27-9-11-13-15-18-20-21 бағыты } l = 3275 \text{ м; } \frac{\Delta P}{l} = \frac{910}{3275} = 0.27 \text{ Па}$$

$$6) \text{ 27-26-29-31-33-35-37-21 бағыты } l = 3190 \text{ м; } \frac{\Delta P}{l} = \frac{910}{3190} = 0.28 \text{ Па}$$

Номограмма көмегімен газдың есептеу шығыны мен ұзындыққа шыққандағы қысым жұмсалуды арқылы диаметрді қабылданып, айнала жабық желілерді гидравликалық есептеу нәтижелері А.3 кестесіне жазылады.

Тұйық тармақтарды гидравликалық есептеу

1 Әрбір тармаққа жұмсалатын қысым үлесін анықтау

$$\Delta P_{\text{т}} = \Delta P - \Sigma \Delta P_{\text{т.д.}}, \quad (1.26)$$

мұндағы $\Sigma \Delta P_{\text{т.д.}}$ – газ көзінен қарастырылып отырған тарамдарға дейінгі бөліктердегі жұмсалған қысымдардың қосындысы;

ΔP – жұмсалатын қысым;

2 Шыққан мән тармақ ұзындық өлшеміне бөлініп $\frac{\Delta P_{\text{т}}}{l_{\text{т}}}$ мәні анықталады;

3 Номограмма кестесінде $\frac{\Delta P_{\text{т}}}{l}$ және газ шығыны арқылы диаметр таңдалады;

4 Қабылданған қысым жоғалуының толықтығы тексеріледі.

2-1 тармағында жұмсалған қысым

$$\Delta P_{2-1} = \Delta P - \sum \Delta P_{т.д.} = 1000 - \sum \Delta P_{27-9-7-4-2} = 1000(83,16+382,80+292,05+198) = 43,99 \text{ Па.}$$

4-2 тармағында жұмсалған қысым

$$\Delta P_{4-2} = \Delta P - \sum \Delta P_{т.д.} = 1000 - \sum \Delta P_{27-9-7-4} = 1000 - (83,16+382,80+292,05) = 241,99 \text{ Па.}$$

Есептеу нәтижелері А.4 кестеде көрсетілген.

Қысым жұмсалуын тексеру:

27-9-7-4-2-1 бағыты $\Delta P = 995,67 \text{ Па}$;

27-9-7-4-2-3 бағыты $\Delta P = 988,9 \text{ Па}$;

27-9-7-4-2 бағыты $\Delta P = 956,01 \text{ Па}$;

27-9-4-5 бағыты $\Delta P = 956,01 \text{ Па}$;

27-9-7-8 бағыты $\Delta P = 850,96 \text{ Па}$;

27-9-10 бағыты $\Delta P = 822,66 \text{ Па}$;

27-9-11-12 бағыты $\Delta P = 825,86 \text{ Па}$;

27-9-11-13-14 бағыты $\Delta P = 839,96 \text{ Па}$;

27-9-11-13-15-16 бағыты $\Delta P = 864,16 \text{ Па}$;

27-9-11-13-15-18-19 бағыты $\Delta P = 896,96 \text{ Па}$;

27-26-24-25 бағыты $\Delta P = 840,52 \text{ Па}$;

27-26-28 бағыты $\Delta P = 499,12 \text{ Па}$;

27-26-29-30 бағыты $\Delta P = 729,6 \text{ Па}$;

27-26-29-31-32 бағыты $\Delta P = 708,4 \text{ Па}$;

27-26-29-31-33-34 бағыты $\Delta P = 832 \text{ Па}$;

27-26-29-31-33-35-36 бағыты $\Delta P = 936,93 \text{ Па}$;

Берілген қысым 98%-ке дейін жұмсалған. Осымен есеп аяқталады. Осымен төменгі қысымдағы газ желілерін гидравликалық есептеулер аяқталады.

Орташа қысымды газ желілерінің гидравликалық есептеу

Бұл желілер айнала жабық және тұйық болып орындалады. Жоба бойынша 1 айнала жабық желілер қабылданды.

Орташа қысымдағы газ желілері апатты жағдайға байланысты есептеледі.

Газ желілерінде апатты жағдайда шығынды анықтау:

$$Q_A = K_K \cdot Q_{d,i}^h, \text{ м}^3/\text{сағ} \quad (1.27)$$

мұндағы, $Q_{d,i}^h$ – тұтынушылардың максималды есепті газ шығыны, $\text{м}^3/\text{сағ}$;

K_K – апатты жағдайда тұтынушылардың газ шығынының төмендеуі.

Орташа қысымдағы айнала жабық желіні гидравликалық есептеу.

ГТС-нан кейінгі бастапқы қысым $P_\delta = 0,4$ МПа, ал желі соңындағы ең аз қысым $P_c = 0,2$ МПа. Тұтынушылар табиғи газды қолданады ($\rho_r=0,73$ кг/м³).

1. Құбырлардың диаметрін қабылдауға қажетті айнала жабық желілердегі апатты газ шығыны.

$$Q_d^h = 0,59 \cdot \sum k_k \cdot Q_i = 0,59 \cdot (0,85 \cdot 474 + 0,7 \cdot 3,7 + 0,7 \cdot 3,1 + 0,7 \cdot 16 + 0,85 \cdot 10,83 + 0,8 \times 740,74 + 0,7 \cdot 308,83) = 0,59 \cdot (402,9 + 2,59 + 2,17 + 11,2 + 9,205 + 592,592 + 216,18) = 729,73 \text{ м}^3/\text{сағ}$$

Ұзындыққа шаққандағы қысым жұмсалудың квадратын анықтау:

$$\frac{\delta p^2}{l} = \frac{p_\delta^2 - p_c^2}{0,5(l_{\text{сол}} + l_{\text{оң}})} = \frac{400^2 - 200^2}{0,5 \cdot (3814 + 4763)} = 28 \frac{(\text{кПа})^2}{\text{м}}. \quad (1.28)$$

Ең басты 1-2 және 1-3 бөліктері істен шыққан кезеңге есептеулер жүргіземіз. Шығындарды анықтағанда қамту коэффициенттерін қоса есептейміз $Q_i = K_k \cdot Q_i$.

Айнала жабық желі соңындағы нүктелердегі қысымды анықтау 1-3 бөлігі істен шыққан кезең:

$$\delta p_k^p = \sqrt{p_\delta^2 - \sum \delta \cdot p_{yч}^2} = \sqrt{400^2 - 108482} = 226 \text{ кПа} > P_c = 210 \text{ кПа}.$$

1-2 бөлігі істен шыққан кезең:

$$\delta p_k^p = \sqrt{p_\delta^2 - \sum \delta \cdot p_{yч}^2} = \sqrt{400^2 - 128546} = 177 \text{ кПа} < P_c = 210 \text{ кПа}.$$

Гидравликалық есептеуді қалыпты жағдайда жүргіземіз. Есептеудің дұрыстығын үйлеспеушілік арқылы анықтаймыз.

$$\Delta\% = \frac{4398}{0,5 \cdot 160806} \cdot 100\% = 5,47\% < 10\%$$

Тармақтардың диаметрін қалыпты жағдайда тексереміз. Орташа қысымдағы газ желілерінің тұйық тармақтарына есептеу жүргіземіз.

Осымен орташа қысымдағы газ желілерінің гидравликалық есептеулері аяқталды. Есептеу А.5-А.7 кестелерінде келтірілген.

1.5 Газ реттеу орындары және газ қондырғыларын таңдау

Газ реттеу орындары (ГРО) елді – мекендерде, қалаларда және өнеркәсіп

пен коммуналдық мекемелер ауласында орналасады. Газ реттеу орындары келіп жатқан газ қысымдарына байланысты орташа қысымдағы 0,3 МПа -ға дейінгі және жоғарғы қысымдағы 1,2 МПа – ға болып бөлінеді.

Келесі көрсеткіштерге байланысты газды сүзгіні таңдаймыз: табиғи газдың шығыны 474,6 м³/сағ, тығыздығы 0,8 кг/м³ және басты абсолюттік қысымы 0,3 МПа, P₂ = 0,7 МПа, ΔP = 5 кПа.

Құбырдың диаметрі D = 50мм кілді сүзгіні қабылдауға мүмкіндігін тексереміз.

$$P_c = \left(\frac{474,6}{3000}\right)^2 \cdot 5 \cdot \frac{0,695}{0,295} \cdot \frac{0,8}{0,73} = 0,323 \text{ кПа}$$

ΔP_c < 5кПа, D = 50 мм сүзгіні қабылдаймыз.

ГРО қондырғыларын және бақылау-өлшегіш аспаптарын таңдаймыз. Табиғи газ шығыны 320,95 м³/сағ, газдың басты қысымы 90кПа, ГРО кейінгі қысым 3 кПа.

1 Қысымды реттегіштегі жұмсалатын қысым анықталуы:

$$\Delta P = 90 - 7 - 3 = 80 \text{ кПа.}$$

2 Қысымды реттегішінің жұмыс кезеңін анықталуы:

$$\frac{\Delta P}{\Delta P_1} = \frac{80}{190} = 0,42 < 0,5.$$

3 Қысым реттегіштің өткізу қабілетін анықтау

$$K_v = \frac{474,6}{5260 \cdot 0,8 \cdot \sqrt{\frac{0,19 \cdot 0,08}{0,73 \cdot 273 \cdot 1}}} = 12,9$$

4 K_v = 13,7; PД-50/25 қабылдаймыз. Өткізу қабілетін тексеру:

$$Q_0 = 5260 \cdot 13,7 \cdot 0,8 \cdot \sqrt{\frac{0,19 \cdot 0,08}{0,73 \cdot 273 \cdot 1}} = 503 \text{ м}^3/\text{сағ}$$

Өткізу қабілеті мәні шығыннан 6% асты, ҚР ҚН 4.03-01-2011 қанағаттандырады.

5 Қылды сүзгінің D=50мм қабылдаймыз. Қысым жұмсалуды есептейміз. P₂=700 кПа; ΔP=5 кПа; ρ=0,73 кг/м³; Q=6000 м³/сағ.

$$P_2 - \Delta P_{ж} = 700 - 5 = 695 \text{ кПа}$$

Сүзгідегі қысымды анықтау

$$\Delta P = \left(\frac{474,6}{6000} \right)^2 \cdot 5 \cdot \frac{0,695}{0,295} \cdot 1 = 0,07 \text{ кПа.}$$

6 Газдың құбырдағы жылдамдығын анықтау

а) қысым реттегішке дейін ($D=50\text{мм}$)

$$W = \frac{474,6}{79} \cdot \frac{10^4}{3600} \cdot \frac{0,1}{0,19} = 8,78 \text{ м/с;}$$

б) қысым реттегіштен кейін

$$W = \frac{474,6}{79} \cdot \frac{10^4}{3600} \cdot \frac{0,1}{0,103} = 16,2 \text{ м/с}$$

7 Қысым жұмсалуды

а) қысым реттегішке дейін

$$\Delta P_{\text{ж.к.}} = 7 \cdot \frac{8,78^2}{2} \cdot 0,73 \cdot \frac{0,19}{0,1} = 0,374 \text{ кПа;}$$

б) қысым реттегіштен кейін

$$\Delta P_{\text{ж.к.}} = 2,55 \cdot \frac{16,2^2}{2} \cdot 0,73 \cdot \frac{0,103}{0,1} = 0,252 \text{ кПа.}$$

Қысым жұмсалудының қосынды мәні мынаған тең:

$$\Delta P_{\Sigma} = 0,07 + 0,354 + 0,252 = 0,676 \text{ кПа.}$$

2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы

2.1 Орташа қысымды газ құбырларын қондыру жұмыстары

Жобаланып отырған газ құбыр желісі Алматы облысы Райымбек ауылының газбен қайта қамту кешеніне кіреді. Құрылыс аумағында ешқандай құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан жоқ және жер рельефі тұрақты болып келеді. Құрылыс жұмыстарында уақытша монтаждалған су желісі және уақытша электр кабелімен алып пайдаланылады. Байланыстар телефондық желі арқылы қамтамасыз етіледі.

Құрылыс газ таратушы станциядан басталып орташа қысымды газ құбыр желісіне дейін жалғасады. Газ құбырлары жолдың оң жүретін бөлігі бойымен жүргізіледі. Топырағы – сазды топырақ. Газ құбырлары желісінің жалпы ұзындығы 9244 метрді құрайды. Газ құбырының диаметрі $\varnothing 114 \times 4$ мм.

2.2 Құрылыс – жинақтау жұмыстарының дайындық жұмыстары

Жұмыс көлемі қойылған тапсырма мен жүйенің құрылымдық шешіміне сәйкес анықталады. Әр жұмыс процесі бойынша алынған есептер нәтижелері кестеге енгізіледі, жұмыс атаулары мен қолданылатын өлшем бірліктер «Құрылыс жұмыстарының бірыңғай нормалары мен құны» құжаттамасынан алынды.

Елді-мекендік жағдай газ құбырын жүргізу кезінде дайындық жұмыстарына және өндірістік жұмыстарын жүргізуге берілетін рұқсаттама қағаздарын алудан бөлек мыналар жатады: трассаларды(жолдарды) дайындау, құрылыс аумағына құрылыстық материалдарды жеткізу, құрылысты электр энергиясымен және сумен қамтамасыз ету, құрылыс уақыты кезінде өндірістегі жұмысшыларға қажетті уақытша үймереттер мен құрылыстарды тұрғызу.

Трасса (жол) бойымен құбыр төсеу жұмыстары өндірістік жұмыстарға жасалған жоба сұлбаларына сәйкес, жергілікті жағдайларды еске отырып жүргізілді. Жер жұмыстары басталмас бұрын асфальтті қабат сүріліп тасталып, жұмыс енінен екі есе ұзын етіліп, кедергі қоршаушы қоршаулар орнатылады (қоршау биіктігі 1,2 метр). Жаяу жүргіншілерге арналған өтпелі уақытша көпіршелер әр 300 м сайын орнатылды. Қайта пайдалануға келмейтін құрылыс материалдары мен топырақ осыларға арнайы қала сырттындағы бөлінген жерге немесе арнайы қоршауы бар жерге тастауға ғана рұқсат етіледі.

2.3 Жер жұмыстары

Жер жұмыстарына кіреді: асфальтты қабатты көлденең тегістеу, траншеяларды қазып дайындау және топырақты қайта жерге төсеу жұмыстары.

Жер жұмыстарының барлығы комплексті түрде механикаландырылды және өндірістік жұмыстардың тиімді тәсілдерін қолдана отыра жасалынды. Жер жұмыстары өндірістеріне қажетті машиналарды таңдау топырақ түріне, жер беті рельефіне, жер қазбалары көлеміне мен тереңдігіне байланысты, сонымен қатар жүргізілетін жұмыстардың көлеміне сәйкес жүргізілді. Жердегі асфальтты қабатты сүргеннен соң және топырақ қазу машиналарының жүретін жолын дайындағаннан кейін, трассалар қиылысында және оған жақын орналасқан жерлердегі жер асты құрылымдарының орналасу орындары нақтыланады. Жер жұмыстарын үздіксіз тұрақты әдіспен жүргізген дұрыс.

Жер жұмыстарының көлемі және газ құбырының желісін есептеуі құрылыстың толық құнын анықтау үшін қажет.

Жер жұмыстарының көлемін анықтау:

а) траншеяларда төсем тереңдігін анықтау:

